

Сіз маммография нәтижесін қашан аласыз?

Маммография зертханасының қызметкерлері рентгенмен түсірілген суреттерді оқымайды және оларды пациентпен талқыламайды. Зертханашылар алынған суреттердің сапасын қамтамасыз ету үшін арнайы дайындықтан өтеді.

Рентгенолог дәрігер суреттерді (маммограммаларды) қарап, қосымша тексеруді қажет ететін проблемалы аймақтардың бар-жоғын анықтайды. Дәл түсіндіру үшін маммографиялық зерттеуді екі тәуелсіз рентгенолог дәрігер оқиды. Бірінші оқуды сіздің поликлиникаңыздың рентгенологы жүргізсе, екінші оқуды онкологиялық орталықтың рентгенологы жүргізеді.

Нәтижені Сіздің учаскелік дәрігеріңіз алады және ол медициналық ақпараттық жүйеде көрсетіледі, нәтижені Сіз МАЖ қосымшасында көре аласыз. Егер нақты растама алу қажет болса, скринингтен шамамен екі аптадан кейін өз дәрігеріңізге жүгінуге болады



Маммографиялық скрининг мемлекет есебінен жүргізіледі .

Оны медициналық сақтандырудың бар-жоқтығына қарамастан өтуге болады.

Ұйымның мекенжайы

Зерттеу уақыты

Кабинет № _____

Сіздің учаскелік дәрігеріңіз

Маммографиялық скрининг

Құрметті

Сізді маммографиядан өтуге шақырамыз!
Бұл – денсаулығыңызды және жаныңызын қамтамасыз етуге көмектесетін қарапайым әрі уақтылы қадам .

Скрининг не үшін қажет?
Скрининг сүт безіндегі өзгерістерді ең ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік береді, бұл кезде ауру әлі симптомдар арқылы көрінбейді және емдеуге жақсы бағынады. Ерте диагноз – толық сауығу мүмкіндігі жоғары және болашақта күрделі емдеуден аулақ болуға мүмкіндік береді

Маммография

Бұл – 40 жастан асқан әйелдерге арналған сүт безін тексерудің ең дәл әрі қолжетімді әдісі.

40 жастан кейін сүт безінің тіндік құрылымы өзгереді, сондықтан УДЗ микрокальцинаттарды — қатерлі ісіктің ең ерте белгілерін — әрдайым көрсете бермейді. Ал маммография оларды анық көруге және ауруды бастапқы кезеңінде анықтауға мүмкіндік береді.

Процедура қалай өтеді?

Зерттеу шамамен 20 минутты алады: науқастың деректерін енгізуге 7–10 минут кетеді, киіну және шешіну уақыты қосылады. Маммографияны жүргізуге 5–10 минут кетеді, қажет болса қосымша суреттер де түсірілуі мүмкін. Сондықтан кезек баяу қозғалып жатса, уайымдаудың қажеті жоқ.

Әрбір сүт безі екі проекцияда – тіке және қиғаш – түсіріледі. Бездер кезекпен аппараттың екі пластинасы арасына орналастырылады. Пластиналар сүт безін қысу арқылы анық сурет алуға мүмкіндік береді. Бұл – компрессия деп аталады. Компрессия бірнеше секундқа созылады, сурет түсірілгеннен кейін аппарат сүт безін автоматты түрде босатады.

Сәулелену мөлшері аз минималды және қауіпсіз, шамамен 0,4 мЗв (әдеттегі өмірде 7–8 апта бойы алынатын табиғи фондық сәуле мөлшеріне тең), ал сәулелену уақыты бірнеше секунд қана алады. Пациент үшін процедура ешқандай қауіптілікті тудырмайды.

Сүт безін қысудың қажеті неде?

Суреттің айқындығын арттырады: Қысу сүт безінің тінін тегістеп, қалыңдығын біркелкі етеді. Осы арқылы дәрігер ең кішкентай өзгерістерді де анық көретін айқын әрі толық сурет алады.

Тіндердің қабаттасуын азайтады: Қысусыз сүт безінің әртүрлі қабаттары бір-бірін жауып, маңызды бөлшектер жасырылуы мүмкін. Қысу тіндерді «ажыратып», құрылымын дәлірек бағалауға мүмкіндік береді.

Сәулелену мөлшерін азайтады: Тіннің жұқа қабатын түсіру үшін аз рентген сәулесі қажет, бұл зерттеуді қауіпсіз етеді.

Суреттің бұлыңғырлану ықтималдығын азайтады: Сүт безін бекіту қозғалысты болдырмай, айқын сурет алуға көмектеседі.

Ауырады ма?

Сезімдер кейде жағымсыз болуы мүмкін, бірақ әдетте қысқа мерзімді және орташа дәрежеде болады. Сіз кез келген сәтте процедураны тоқтату құқығына иесіз

Қалай дайындалу керек?

Дайындық қарапайым және ерекше күш-жігерді қажет етпейді:

Зерттеу үшін ең қолайлы уақыт – етеккір циклінің бірінші жартысы (5–12 күн). Цикл алдында және етеккір кезінде кейбір әйелдерде сүт безінің сезімталдығы артып, маммографияны орындау ыңғайсыз болуы мүмкін.

Маммография күні бірнеше сәттерді ескеру керек. Таңертең ванна немесе душ қабылдағаннан кейін сүт безі мен қолтық аймағына пудра, лосьон, дезодорант немесе парфюм қолданбаңыз – бұл сурет сапасын арттырады. Егер бұл туралы ұмытып қалсаңыз, әдетте арнайы майлықтар бар, олар арқылы өнімдерді алып тастауға болады.

Киім таңдағанда шалбар немесе белдемше киюді ойлаңыз, себебі зерттеу кезінде белден жоғары киімдерді шешу қажет болады.

Кімге тексеруден өту маңызды?

Барлық әйелдер 40, 42, 44, 46, 48, 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 70, 72, 74, 76 жасында скринингтік маммографиядан үнемі — әр екі жыл сайын немесе дәрігердің ұсынысы бойынша өтуі қажет .